

ҚАЗАҚСТАН КӘСІБИ МЮЗИКЛ ТЕАТР ӨНЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕ

Ақжан Орынбасарова¹, Мадина Құльсеитова¹

¹Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы (Алматы, Қазақстан)

Аңдатпа. Мақалада Қазақстандағы театр музыкалі жанрының әлемдік тәжірибе негізінде қалыптасу бағыттары қарастырылады. Музыкал – эстрада, хореография, драма және опера өнерінің элементтерін біріктіретін, күрделі драмалық міндеттерді оңай қабылданатын көркем құралдар арқылы шешуге қабілетті музыкалық-саханалық қойылым. Қазақстандағы жанрдың алғашқы қарлығашы ретінде Болат Атабаевтың «Қыз Жібек» қойылымын атауға болады. Әлемде болса, Шекспир мен Сервантес сияқты классиктердің шығармаларын музыкал форматына бейімдеу дәстүрі қалыптасқан. Зерттеу мақсаты – Қазақстанның мәдени кеңістігінде музыкал жанрының өзектілігін анықтау және оны ұлттық мәдени дамудың құрамдас бөлігі ретінде қарастыру, сондай-ақ, осы жанр аясындағы актерлік өнердің ерекшеліктерін теориялық және практикалық тұрғыдан зерделеу. Авторлар қазақ театрларындағы сахналық музыкалдің бастаулары мен даму жолдарын зерттеудің, сондай-ақ, жанрды әлемдік деңгейге сай мазмұнды және жаңашыл тәсілмен байытудың маңыздылығын атап көрсетеді. Мақалада кинорежиссерлердің кәсіби шығармашылық қызметіне салыстырмалы талдау жасалып, ондағы музыкалық құбылыстарға негізделген театр элементтерін қолдану аясы кеңінен қарастырылған. Абзал Мұхитдинов, Ержан Дәутов сияқты қазақстандық өнер қайраткерлерінің көпұлтты хор, кордебалет, жеке әншілер және симфониялық оркестр арқылы жанрды бейімдеуге қосқан елеулі үлесі ерекше атап өтіледі. Мақалада АҚШ пен Ресейде классикалық әдебиет шығармалары негізінде музыкалдер жасаудың әлемдік тәжірибесі келтіріледі, мысалы, өткен ғасырдың 30-шы жылдарында Исаак Дунаевский мен Григорий Александров ресейлік менталитетті голливуд сюжеттерімен және джаз элементтерімен үйлестірген. Зерттеушілер Ольга-Лиза Монд, Эвальд Кампус, Валентина Конен, Тамара Кудинова, Татьяна Шабалина, Дарья Буданова, Еслям Нұртазин сынды ғалымдардың әлемдік және ұлттық музыкал жанрының тарихи даму жолдары мен қалыптасуын зерттеген еңбектеріне ғылыми-теориялық

талдауға басты назар аударылған. Зерттеуде теориялық-әдіснамалық, тарихи-этнографиялық, кино және өнертанулық, салыстырмалы-талдамалық, режиссерлік-сараптамалық, сондай-ақ, эмпирикалық әдістер қолданылды. Ғылыми мақаланың нәтижелері отандық және әлемдік деңгейдегі өнертанушыларға, жас зерттеушілерге және қазақстандық кәсіби мюзикл театры мектебінің қалыптасу жолдарын зерттейтін кинотану саласының мамандарына арналады.

Түйін сөздер: Театр, мюзикл, джаз, эстрада, хореография, драма, опера, көпдауысты хор, кордабалет, симфониялық оркестр.

Дәйексөз үшін: Орынбасарова Ақжан, және Мадина, Кульсеитова. «Қазақстан кәсіби мюзикл театр өнерінің қалыптасуы және әлемдік тәжірибе». *Central Asian Journal of Art Studies*, Vol. 10, No. 2, 2025, 186–204 б. DOI: 10.47940/cajas.v10i1.955

Авторлар қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, мақұлдады және мүдделер қақтығысы жоқ деп мәлімдеді.

Кіріспе

Мюзикл» жанры 1866 жылы Нью-Йорк қаласынан бастау алады. Бұл жанрдың пайда болу тарихына үңілсек, 1920 жылдары АҚШ-та, классикалық театр мен джаздың үйлесім табуы арқылы қалыптасты. Сол кездегі джаз музыкасы тек сахнада ғана емес, өнердің басқа салаларында да таныла бастады. Ол да кейін театр сахнасына келді. 1940 жылдардың басында джаз нөмірлері жоқ музыкалық комедияны табу қиын болды. Олардың фонында спектакльге енгізілген басқа көріністердің дөрекілігі мен кемшілігі барған сайын аңғарыла бастады. Музыкалық театр қойылымдарының сапасын арттырудың қажеттілігі туды. Сондықтан джаз барлық музыкалық көріністерді біріктіріп, оларға жаңаша үндестік дарытып, бұған дейін байқалмаған тереңдікті ашуға көмегін тигізді (Монд Ольга-Лиза 35).

Ал 1943 жылы Ричард Роджерс пен Оскар Хаммерстайнның Бродвейде қойылған «Оклахома» атты лирикалық комедиясына Нью-Йорктың драма лигасы «Ғасырдың ең таңдаулы мюзиклі» деген атақ берген болатын.

Қазақ мәдениеті тарихында өшпес із қалдырған «Айман-Шолпан», «Біздің сүйікті дәрігер» сынды музыкалық комедиялар, Төлеген Мұхамеджановтың, Абай Серкебаевтың туындылары аталған жанрдағы алғашқы қолтаңбаны көрсетті (Тұрсынәлі Алаш 5). Кейін Қазақстанда Болат Атабаевтың «Ақ сарай» мюзикл ұлттық театры ашылды. «Таңсәрі» балалар мюзикл-шоу театры құрылды. Зерттеу барысында еліміздегі мюзикл жанрына алғашқы қадамдардың бірін Болат Атабаевтың жасағандығына көз жеткізе түсеміз. 2005 жылы режиссер Орта Азияда тұңғыш «Ақсарай» мюзикл театрын ашып, «Қыз Жібек» музыкалық қойылымын мюзикл деп халыққа ұсынады. Бұған дейін әлемде Уильям Шекспир, Мигель де Сервантес, Чарльз Диккенс, Бернард Шоу шығармаларын мюзиклге айналдыру ертерек қалыптасты.

Тәуелсіздіктің 15 жылдығында Төлеген Мұхамеджановтың «Жерұйық» мюзиклі көрермен назарына ұсынылды. Оны 80 жылдары «Алтернатива» рок-операсының авторы, грузин композиторы Иосиф Барданашвили басқарған болатын. Либреттода тарихи шындық, үш мәдениеттің қазақ, жапон

және урбанизациялық мәнердің тамаша өрілгенін байқаймыз.

«Мюзикл» термині ағылшын тілінен аударғанда («musical») эстрадалық, хореографиялық, драмалық, опералық т.б. сан түрлі өнердің әсерлі ерекшеліктерін біріктіріп көрсететін музыкалық-сахналық қойылым деген мағына береді. Мюзикл (musical) — «Musical comedy» немесе «Musical play» ұғымының қысқартылған түрі, бұл музыкалық комедия, музыкалық спектакль, музыкалық қойылым дегенді білдіреді. Барлық мюзиклдерге тән басты ерекшелік — күрделі драмалық мәселелерді көрерменге жеңіл қабылданатын көркемдік тәсілдер арқылы шешіп көрсету (Нуртазин 15).

Зерттеу әдістері

Ричард Роджерс және Оскар Хаммерштейннің 1943 жылғы зерттеулеріне назар аударсақ, онда «Оклахома!» мюзиклінің премьерасы жаңа жанрдың ресми туған күні ретінде аталып өтеді. Бұл қойылымды жасаушылардың өздері оны музыкалық комедия деп атағанымен, көрермендер мен сыншылар оны жаңа үрдіс ретінде қабылдап, барлық қолданыстағы канондарды бұзғандығын мойындайды (Нуртазин 12).

Композициялық тұрғыда спектакль біртұтас сюжеттер мен кейіпкерлерді музыкалық шығарманың жалпы желісінде ерекше дамыта отырып, ажырамас күйде қалыптасты. Қарапайым сюжеттің артында іргелі құндылықтарға негізделген махаббат, әлеуметтік қауымдастық, патриотизм лебі ескендігі байқалды. Оклахома штаты бұл мюзиклдің әнін өзінің ресми әнұраны ретінде жариялаған болатын («Великие мюзиклы мира» 133).

Ерекше әрі сәтті болған премьерадан кейін авторлар пьеса жанрын айқындайтын жаңа «мюзикл» терминін ұсынды. «Оклахома!» бес жылдан

астам уақыт Бродвейде қойылып, содан кейін бүкіл Америкаға гастрольдік сапармен жол тартты. Алғаш рет жеке музыкалық нөмірлер емес, тұтас спектакль жазылған жазба шығарылды. 1955 жылы дәл осындай фильм түсіріліп, ол ең жақсы музыка және ең жақсы дыбыстық қойылым ретінде екі мәрте Оскар сыйлығын иеленді. 2002 жылы ол қайтадан Бродвейде, одан үш жыл бұрын Вест-Эндте (Ұлыбритания) Хью Джекманнның басты рөлде сомдалуымен көрерменге ұсынылды. Бұл оқиға американдық, содан кейін әлемдік музыкалық театрдағы жаңа дәуірдің басталуын көрсетті.

АҚШ-та Уэббер, Леонард Бернштейн, Томас Райс, Леонид Брикус, Бенджамин Андерсон, Фредерик Уилхорн сияқты танымал композиторлар мен ақындардың легі қалыптасып, Мигель де Сервантес, Виктор Гюго, Уильям Шекспир, Бернард Шоу, Роберт Льюис Стивенсон, Дюма, Брэм Стокер, Рудьярд Киплинг, т.б. шығармалары бойынша мюзиклдер жасалды. Бұл қойылымдардың көбісі сахна классикасына айналып, бүгінгі таңда да дүниежүзінің барлық танымал театрлары мен киноэкрандарынан көрсетіліп жатыр.

АҚШ-тағы сияқты Ресейде де мюзиклдің пайда болуының алғышарты джазбен байланысты болды. Исаак Дунаевский мен Григорий Александров өткен ғасырдың 30-жылдарындағы өз шығармаларында орыс менталитетін голливудтық сюжеттердің жеңілдігімен, славяндық музыка мен джаздық өңдеулермен, орыс халық билерімен және американдық степпен органикалық түрде үйлестіре алды («История мюзикла» 77).

1960 жылдардың ортасынан бастап кеңестік сахнада мюзиклдерді қоюға көптеген әрекеттер жасалды. «Вест-сайд хикаясы» тіпті Ленинград комсомолы театрында қойылды. Музыкалық спектакльдердің диапазоны әлеуметтік Брехт Зонг операсы мен азды-көпті психологиялық нанымдылықпен ойналған

лирикалық музыкалық комедия-оперетта арасында ауытқып отырды. Дегенмен, орыс композиторларының рок жұмысымен байланысты мюзиклге қатысты бірқатар нақты серпілістері байқалды.

Кейін, соның негізінде, 1975 жылдың жазында Ленинград консерваториясының опера студиясында композитор Александр Журбиннің «Орфей мен Евридика», «Әнші гитаралар» зонг-операсының премьерасы өтті. Осы топтың негізінде Ленинградта Рок-Опера театры құрылды, ол әлі күнге дейін қызмет етіп келеді («История мюзикла» 78).

Пьесаның сюжеті граф, дипломат және саяхатшы, Ресей сауда компаниясының негізін қалаушылардың бірі Н.П. Резановтың өмірбаянын ашуға құрылған. Нақты эпизодта испандық Калифорнияға саяхат, Сан-Франциско губернаторының қызы Кончита Аргуэлломен танысу және араласу, неке куәлігін қайтару, науқастануы және оның өлімі бейнеленеді. Сондай-ақ, сүйіктісін күту кезіндегі Кончитаның өміріне көбірек назар аударылады.

1981 жылы Ленком сахнасында Андрей Вознесенскийдің либреттосымен Алексей Рыбниковтың музыкасына жазылған «Заманауи операның» («рок-опера») «Юно мен Авос» премьерасы өтті.

Пікірталас

Қазақстанда 2010 жылы Астана қаласындағы Бейбітшілік және келісім сарайында Алмас Серкебаевтың «Астана» мюзиклі көрермендермен қауышты. Спектакльдің бас кейіпкерін жапон елінің әртісі Мана Накано сомдады. Мюзикл лирикалық комедия жанрында ұсынылып, Асамидің рөлін бұған дейін Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театры мен Күләш Байсейітова атындағы ұлттық опера және балет театрының әртістері Айгүл Ниязова мен

Әсем Сембиналар ойнап шықты.

Оқиға желісі бойынша Екінші дүниежүзілік соғыстың соңында, 1945 жылы жапон солдаттың кеңестер тұтқынына түсіп қалады. Тағдыр оны Қазақстанға келуге жол ашады. Ол аштықтан азап шегіп, өлім құшағында жатқанда, оны қарапайым қазақ әйелі аман алып қалады. Кейіпкер екінші рет өмірге келеді. Кейін өз жеріне оралған жапон солдатты қайырымды анаға шексіз ризашылық білдіріп, қайтып келетіндігіне серт береді. Бірақ оның бұл арманы орындалмай қалады. Ол баласы мен немересіне үнемі қазақ халқы туралы айтып, о дүниеге аттанар кезінде немересі Асамиға Қазақстан деген ғажап елді өз көзімен көруді өсиет етеді.

Асами Астанаға келіп, атасының табан ізі қалған жерлерді аралап шығады. Кейін Алматының Арман есімді жігітімен танысып, оған ғашық болады. Осы арада Қазақстанда жапон кәсіпкері, зауыт қожайыны Касушико Тамура да Асамиды ұнатып қалады. Ол өзінің бай дәулетті шаңырағында Асами ғана ханым болуға лайық деп шешеді. Арман мен Асамидың армандары үзілуге шақ қалады. Осындай қиын сәтте Арманның сыныптасы, Тамураның дербес хатшысы Сержан көмекке келеді. Оқиға шиеленісе түсіп, соңында сәтті шешіммен аяқталады. Әсіресе, Мана Наканоның жапондық акценті мюзиклдің мәнін аша түскендей болады.

Мана Накано Елордаға Мәдениет министрлігі мен Күләш Байсейітова атындағы ұлттық опера және балет театры ұжымының шақыртуымен келген. Жапониядағы Өнер академиясының сахналық өнер факультетін «Мюзикл әртісі» мамандығы бойынша бітірген. Оның продюсері «Тойото» балет тобының көркемдік жетекшісі Хитоши Шува «Астана!..» мюзиклінің Жапония елінің сахнасына да шыға алатынын жеткізеді.

Жапон солдаттының қақаған суық пен ашаршылық азабынан аман қалуына

себеп болған аналық мейірім десек болады. Әрине, соғыс жылдарындағы аналар бейнесі туралы аз жазылып жатқан жоқ. Бірақ қазақ аналарының алып бейнесін өнер тілімен айшықтайтын әлі бір толыққанды ескерткіш қойылды деуге негіз жоқ. Мюзикл осындай бір ой ұшқынын тұтатып өтеді (Тоқсанбай 10).

Ұлы Отан соғысында майдангер ұлынан айырылып, аза тұтқан ана мейірімі айдаладан жер ауып келген жапон жауынгеріне түсуі неліктен деген ой көңілді көріктей қариды. Боздағын жер қойнына тапсырып отырғандар қайғыдан қаймықпауы қалай? Барлық ізгілік атаулыны ана жүрегінен тарайтын жылудан іздеген дұрыс сияқты. Қойылым соңында жастар бақытын тауып, үйлену тойын жасайды. Осылайша қазақ сахнасында ұлттық мюзиклдің алғашқы қарлығашы қанат қағады. Онда ән, би, сөз, музыка, сахналық басқа да өнер түрлерінің басы тоғысатын қойылымда жұрттың тапжылмай отырып қызықтауы жанрдың ерекшелігін дәлелдей түседі.

Қорыта айтқанда, Алмас Серкебаевтың «Астана» (либреттосы Юрий Кудлачтікі) мюзиклі осы жанрға сай келетін, көркемдік тұғыры биік шығарма ретінде орын алды. Оның шығармашылық жетістіктерін «Менің бауырым Маугли» рок-мюзиклі, «Томирис» операсымен қоса көптеген вокалдық, камералық, аспаптық, симфониялық туындылары құрайды. Екі көріністен тұратын «Астана» мюзиклінде отызға жуық музыкалық нөмір қойылған. Әр кейіпкерге тән музыкалық-интонациялық лексика жүзеге асқан. Мысалы, бас кейіпкер Арман партиясы көбіне лирикалық тылсым жайма-шуақ үнінде берілсе, оның өжет те тапқыр досы Сержанның дауысы ырғақты декламациялық әуенге толы.

Қойылымдағы ұшқыштар, полицейлер, шаштараздар, оққағарлар кейпіндегі әншілік ансамбльдер дуэт, квартет, квинтет, октет түрінде кордабалеттің мюзикл драматургиясын

сабақтастырып дамытуда атқаратын рөлі ерекше болды. Шығармашылық топтар джаздық музыканың күрделі ырғағын әуенін жете меңгеріп, түрлі пластикалық қозғалыстар жасайды. Мұндай көріністер көрерменді бірден баурап алып отырады. Сонымен қатар, академиялық опера театры әншілерінің драмалық диалогтарды орындаудағы шеберліктері, айтқан сөздері неғұрлым анық әрі қанық естіліп тұрады (Тұрсынбаев 122).

Мюзикл драматургиясын қақтығыста дамытуда, кейбір нөмірлерді поэзия нәрімен суарып, кейіпкерлер бейнесін ашуда либреттошы Юрий Кудлачтың еңбегін ерекше бағалаған жөн. Мюзиклдің ерекше мәнерде орындалатын туынды екендігін ескерсек, оның көпдауысты хорын, кордабалетін, жеке әншілерін, симфониялық оркестрін осы жанрға бейімдеуде Қазақстан еңбек сіңірген қайраткерлері Абзал Мұхитдиновтың, Ержан Дәуітовтың, Тұрсынбек Нұрқалиевтің, Владимир Романовскийдің шығармашылық үлестерінің зор екендігін байқаймыз. Қойылымның режиссерлері Ресейдің Халық әртісі Юрий Александров пен суретші Вячеслав Окунев болды.

Қойылымға 300-ден астам орындаушы қатысқан, мюзиклде сахна киімі, жарығы, дыбыс жүйесі озық технологиямен жабдықталған. Бұл жөнінде белгілі композитор Жоламан Тұрсынбаев: «Жас әріптестердің тың, жаңа режиссерлік, хореографиялық шешімдегі қойылымда шабыттана жырлаған әндері мен билерін көргенде Астана күніне орай шетелден шақырылған шығармашылық топ деп қаласың... Әрине, олардың бәрі өз отандастарымыз екені анық», — дейді (123).

«Астана» мюзиклінің басты қағидасы оның асқақ келбетінен халқымыздың ерлігі мен бірлігін, бауырмашыл қасиеттерін таныту болмақ. «Астана» мюзиклі тәуелсіз қазақ мемлекеті астанасының жаны мен сәнін музыка үнінде әлемге паш ететін, жаһандану

заманында Қазақстанның жаңа тарихында тұғырлы көркем туынды ретінде орын алатыны сөзсіз.

«Астана» мюзиклі — заманауи Қазақстан жайлы шығарма. «Астана» — жастар жайындағы туынды. «Астана» — жаңа заман бейнесі, жас қала тұрғындарының өмірі, «Астана» — қазақ елінің жаңа тарихының жарқын парақтары. Онда драмалық әрекеттердің үйлесімді бірлігі, музыкалық сүйемелдеу, вокал, хореография, пластика, жарық, таңғалдырар эффектілер керемет әсер қалдырады (Тұрсынәлі 17).

Мюзикл Джордж Гершвин, Ричард Роджерс, Леонард Бернстайн, Эндрю Ллойд қалыптастырған жанрдың ең үздік классикалық үлгілерін танытады. «Астана» мюзиклі 2009 жылы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Тәуелсіздік толғауы» атты байқауында Гран-при иеленген болатын.

«Моцарт» — қазақ театр сахнасындағы кәсіби мюзикл жанрында көрініс тапқан қойылымдардың бірі. Бұған дейін де еліміздің бірнеше театрларында мюзикл қоюға талпыныс жасалды. Бірақ ондағы премьералардан актерлік кәсіби шеберлік пен вокалдық мүмкіндіктер жетіспей жатты. Сондай-ақ, мюзикл жанры деп аталғанмен оның соңы музыкалық спектакль дейгейінен аса алмай қалған. Ал елордалық жастар театры болса мұндай олқылықтарға жол бермеуге тырысып келеді.

Ал «Моцарт» шығармасы болса режиссердің үлкен ізденісі мен жан-жақты дайындығын аңғартады. Себебі онда актерлік шеберлікпен қоса техникалық сапалы жабдықтау да бар. Сондықтан Нұрқанат Жақыпбайдың кәсіби деңгейде шығарған тұңғыш мюзиклі «Моцартты» жинақы да жүйелі қойылым деп бағалауға болады.

Қазақстандық театр сыншысы Назерке Жұмабай: «Әуеніне әлем тамсанған қайраткер Моцартты музыкасынан бөліп қарау мүмкін емес. Моцарт пен музыка егіз ұғым, егіз

тағдыр. Оның табиғатындағы тереңдіктің сырын ұғу үшін оның маңғаз музыкасына көңіл қоярымыз анық», — дейді (6). Музыка өнерінде ерекше тұлғаның шығармасын мюзикл жанрында паш еткен Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұрқанат Жақыпбай өзінің кезекті қойылымдарының бірінде астаналық Жастар театрының сахнасында көрерменге ұсынған болатын. Осы тұста, ең бірінші режиссердің батылдығын аңғарғанымыз орынды болмақ.

«Моцартты» театр сыншылары Сәния Қабдиева, Дариға Тұранқұлова, Ерлан Біләл сияқты сахна шеберлері Ақтөбе қаласында өткен қазақстандық драма театрларының XXIV республикалық фестивалінде «Үздік спектакль» номинациясының жеңімпазы ретінде бағалады. Актерлердің музыканы игерудегі кәсібилігі көрермендердің назарын ерекше аудара білді. Алоиза Вейбер бейнесін сомдаған Назерке Серікболова, Вольфгант Моцартты кескіндеген Шерхан Талғатұлы, Сальери рөліндегі Нұрбек Әділбектердің орындаушылық шеберліктері мен актерлік ізденістері бір арнаға тоғысып, көрермендердің жүрегінен ерекше орын алды. Назеркенің бойындағы нәзіктік пен Шерханның адалдығы, Нұрбектің өшпенділік мінезі ерекше сомдалады. Розенберг рөліндегі Шыңғыс Жақыпбай мен Леопольд Моцарт бейнесіндегі Асланбек Жанұзақовтың актерлік шеберліктері көрерменді әсерсіз қалдырмайды.

Қойылымның басынан соңына дейін орындалған классикалық музыканың құнарлы үні, актерлердің жеке орындауы мен хормен жеткізген сезімдері адам жанына рахат сыйлап, жүрек түкпіріндегі мұң мен сырды ашуға көмегін тигізеді. Әсіресе, драмалық актерлердің бір нотада орындап шығуы таңқалдырмай қоймайды. Спектакльді тамашалай отырып, режиссер Нұрқанат Жақыпбайдың суреткерлік сыршылдығын сахнадағы

ноталардың үнінен, аяқ пен қол саусақтарының қимылынан байқай аламыз. Қойылымдағы әр үн мен дыбыстан, әрбір әрекет пен қозғалыстан режиссердің эстетикалық сезімталдығы көрініс тауып, соның нәтижесінде талант иесінің «Моцарттың» көркемдік деңгейін биік сатыға көтергендігі айқын бола түседі.

Ұстаз Нұрқанат Жақыпбай «Бір орында тұрып, бір орында сөз сөйлейтін актер» керек еместігін шәкірттеріне үнемі ескертіп отырады. Себебі қазіргі жастар, қазіргі аудитория ондай қойылымдарды қабылдамайды. Заман жылжыған сайын жастардың ойы өзгеріп, талғамы да биіктей береді. Соған сай әр спектакльдің айтатын ойы талғамға сай болу керек (Талғатқызы 10).

Бас режиссер Нұрқанат Жақыпбай қоғамда болып жатқан қандай да бір жаман жайттарды көрсетпеуге тырысады. Себебі қазіргі заманда кездесетін жантүршігерлік сұмдық оқиғалар көп. Сондықтан театрға келген адамдар демалып, рухани күш-қуат алып қайту керек. Сахнадан тек қана әдемілік көрініс табуы тиіс. Театр көрерменге шабыт пен көтеріңкі көңіл-күй сыйлаған жөн.

Түркістан қаласының сазды драма театрының әдебиет бөлімінің меңгерушісі Нұрболат Мараим жазушы драматург Дулат Исабековтың «Құстар фестивалі» атты комедиялық мюзиклінің премьерасы жайында былай дейді: «Спектакльдің қоюшы режиссері би ырғағын үйлестіріп, музыкамен көркемдеген, театрдың көркемдік жетекшісі Ерғали Оразымбетов болды. Спектакльде автор құстар бейнесі арқылы адамдардың көре алмаушылық, іштарлық пиғылын жақсы суреттеген. Әсіресе, өнер майданындағы бақталастық пен бәсекелестік шығармаға арқау етілген» (11).

Қойылым оқиғасы құстардың бұлбұлды ән фестиваліне қатыстырмай қойған сәтінен басталады. Ал қарға мен этеш Қазылар алқасының аузын майлап, Бас жүлдені алу үшін пара береді.

Әйтсе де «Алтын кездік қап түбінде жатпайды» демекші, бұлбұл өз өнерімен жұртшылықты таңқалдырып, Бас жүлдеге ие болады. Бұл турасында Дулат Исабеков: «Әрине, қойылымның бағасын сыншылар бере жатар. Дегенмен спектакль маған өте ұнады. Менің драмамды Ерғали Оразымбетов мюзиклге айналдырыпты. «Қазақта мюзикл жоқ» дейтіндерге тамашалаңыздар деуге әбден болады. Спектакльді көрген соң шығарманы еуропалық мюзикл жанрын қоятын үлкен сахналарда қоюға болады деген шешімге келдім», — дейді (Смайылова 17).

Әлемдік мюзикл тарихында Уильям Шекспир (1564-1616) шығармашылығы да «Қайта өрлеу» дәуіріндегі ағылшын және жалпыеуропалық театрлардың ең биік шыңына айналды. Ол — әлемдік мәдениеттің қол жеткізген дара жетістігі. Шекспир шығармашылығының қазақ театр сахнасындағы тарихы 1939 жылдан белгілі режиссер Мурат Соколовскийдің «Отелло» трагедиясын сахналаудан бастау алады.

«Ромео мен Джульетта» туындысы алғаш рет 1980 жылы Жұмат Шанин атындағы Шымкент облыстық драма театрының режиссері Әскер Құлдановтың қолтаңбасымен қойылған. Ромео — Өтеулі Тастанбеков. Джульетта — Құпия Рахманбердиева (Смайылова 15).

«Ромео мен Джульетта» трагедиясын тұңғыш мюзикл жанрына сахналаған режиссер Нұртазин Еслям: «Бұл жанрды таңдау себебім, кенже дамып келе жатқан жанрлардың бірін неге дамытпасақ деп ойладым. Біз қазақ елі, сөз қадірін білетін, сонау сал-серілік өнердің ізін жалғастырған әнге әуес біртуар халықпыз. Ұлттық болмысымызға сай мәдениетімізді жасауға талпынатын кез келді», — дейді (111). Режиссердің айтуынша, мюзиклдің мезансценалары ырғақты пластикаға құрылған. Ондағы әрекет желісі екі отбасының қарсылық әрекетін көрсетуге құрылған. Оның бәрі бимен бейнеленеді. Бір-бірін аямаған

киян-кескі шайқастың атмосферасы сахналық эффектiнiң көмегiмен әрленiп, ұғынуға жетелейдi. Ромео бейнесiн сомдаған Бердiбек Құлғараевтың бойында ер жiгiттiң мiнезi байқалса, Джульеттаны ойнаған Жанел Сергазина өзiндiк пайым мен шеберлiкке молырақ көңiл бөлген. Режиссер Еслям Нұртазин «Мюзикл» жанрының атмосферасын ерекше қылып, оны қазақ тiлiнде сөйлете бiлген.

2022 жылы Astana Musical мемлекеттiк театры белгiлi режиссер Еслям Нұртазинның жетекшiлiгiмен «Роза Бағланова» мюзиклiн жарыққа шығарды. Бұл өнер туындысы әншiнiң ғасыр тойына арналған болатын. Онда әншi тағдыры, оның басынан кешкен қиындықтары мюзикл жанрының үлгiсiнде қойылған. Спектакльдiң лейтмотивi ретiнде әншi репертуарындағы «Ақ көгершiн» әнiн ұлы композитор Ахмет Жұбанов соғыстан кейiн бейбiтшiлiкке үндеген мақсатта жазған. Сондықтан режиссер қазiргi әлемдi тыныштыққа, бейбiт өмiрге шақыруды көздеген.

Мюзиклдiң көңiлге қонған тұсы қойылым оқиғасы хронологиялық биографиядан бойын аулақ ұстаған әрi сахналық көркем шешiмдерге баруға ұмтылған. Туынды драматургиясын құруға Ефрат Шарипов, Шыңғыс Маман, Айдын Сахаман, Әннәс Бағдат, Еслям Нұртазин сияқты қалам мен қиялдың майталмандары қатысқан. Олар әншiнiң iшкi жан дүниесiне терең үңiлiп, өкiнiштi сәттерiн сараптауға, тұлға өмiрiне қатысты тың деректердiң жұмбағын шешуге ұмтылыс танытқан. Мұндай әдiс-тәсiлдер көрермендi одан әрi қызықтыра түскен.

Мюзиклдiң әуен жағынан әуездi шығуына белгiлi композиторлардың Артур Оренбургский мен саунд дизайнер Ақжол Өмiрзақовтар елеулi үлес қосқан. Мюзиклге 60-тан астам әртiс қатысып, онда заманауи театрлық декорациялар, креативтi режиссура, сондай-ақ,

музыкалық және ерекше хореографиялық шешiмдер орын алып, танымал әндер қойылған.

Роза Бағланованың рөлiн Зарина Жәкенова сәттi ойнап, көркемдiк iзденiс нәтижесiн паш еттi. Бұл жөнiнде талантты актриса былай дейдi: «Роза апамыздай кесек тұлғаның бейнесiн тудыру мен үшiн оңай болған жоқ. Әншiнiң репертуарындағы барлық әндердi тыңдап, ол кiсiнiң бейнесi көрсетiлген жазбаларды көрiп шықтық. Вокал маманымен бiрiгiп әншiнiң үнiне тереңрек зер салып, дауыс иiрiмдерiн зерттедiк. Оны барынша бойыма, болмысыма құюға тырыстым», – дейдi (Жұмабай 16).

Мәселен, Роза апамыз ән айтқанда үнемі қолына шәйi орамал ұстап шыққан. Оны көрермендер бiлгенiмен сырын ешкiм бiле бермейдi. Ол тек сахналық бейне емес, орамал ұстап шығуының астарында үлкен мән бар. Мiне, мюзиклде көрiнiс тапқан осындай деталь-штрихтар арқылы әншiнi басқа қырынан тани түсемiз.

Театр сыншысы Ғайни Дәулетбақызы режиссер Нұрқанат Жақыпбайдың «Мен» эксперименттiк театры сахналаған «Қозы-Көрпеш – Баян сұлу» спектаклiнiң премьерасының басты ерекшелiгi оның мюзикл жанрымен қисынды шешiм тапқандығымен түсiндiредi.

«Қозы-Көрпеш – Баян сұлу» – ұлттық драматургия мен сахна өнерiнiң дамуына зор үлес қосқан күрделi шығармалардың бiрi. Бiрақ оны жеңiл-желпi мюзикл жанрымен өрнектеу кезiнде көп сынға ұшырап қалған. Соған қарамастан режиссердiң мұндағы театрлық өнердегi ансамбльдiк iзденiсi мен көрерменге тың шешiм мен ой айтуға деген ұмтылысын әрдайым қолдаған абзал (Дәулетбақызы 14).

Режиссер Нұрқанат Жақыпбай бұған дейiн пластиканы драмалық шығармаға үйлестiру мақсатында «Жан азабы», «Ғайыптағы мәңгiлiк махаббат сазы»,

«Шыңғысхан», «Сақал саудасы», «Екі жүрек» т.б. шығармаларын сахналаған болатын. Оның барлығы «Қозы-Көрпеш — Баян сұлуға» дейінгі шығармашылық баспалдақтар іспеттес. Осы тұста режиссердің басқа туындыларға қарағанда классикаға үлкен жауапкершілікпен қарағандығына көз жеткізе аламыз. Онда қолданыс тапқан әуезді мюзикл жанры шығарманың трагедиялық бояуын аша түскен. Дастанның философиялық астары да көрерменге түсінікті болады. 1940 жылдан түрлі режиссерлік талғаммен көрсетіліп келген шығармада Қодар мен Жантық Қарабайдың қолшоқпары болып бейнеленсе, режиссер Жантықты Ібіліс образында ұсынады. Үнемі адам баласына кедергі жасап жүретін «шайтан» образы да сәтті көрініс табады.

Жантықтың образы арқылы осы уақытқа дейін озбыр, қанішер болып келген Қодар ақталып шығады. Оның бейнесі өз елінің белді азаматы, намысшыл, сөзіне берік, сөзге шешен, яғни озбыр емес тек ғашық жан ретінде көрсетіледі. Жантық рөлін сомдаған Бекболат Құрманғожаев, Қарабай рөлін Тілектес Мейрамов, Баянның рөлін Ақкенже Әлімжанова нақышына келтіріп ойнап шығады. Актерлердің барлығы шығарманың идеялық қуатын айшықтауға зор үлес қосқан.

Жантық образын орындаған Бекболат Құрманғожаев оның қара ниетін көмескілеу үшін жалған адамгершілікті бетперде етуін орынды көрсете біледі. Образдың философиялық тиегі ағытыла түседі. Актер Тілектес Мейрамов болса «Малын жетпіс жыл бағып, жарты жапырақ ет жеп көрмеген» сараң да тоғышар Қарабайдың бейнесін комедиялық штрихтармен байыта түседі. Спектакльдің декорациясы мен киімдері режиссердің еркін фантазиясына құрылған. Мысалы, астарлы ойды көрсететін жібек мата бірде құсқа, бірде отауға, бірде аспанға айналып, қойылымның атмосферасын күрделендіре түседі.

Нұрқанат Жақыпбайдың режиссурасындағы матадан жасалған интерпретация бірнеше рет қолданыс тауып келеді. Оның сырын: «Бұл — менің имиджім, өзіндік қолтаңбам, стилім!» деп түсіндірген (Дәулетбақызы 11).

2024 жылы «Astana Musical» мемлекеттік театрында «Алдар көсе» қойылымы көрерменге ұсынылды. Ақылды әрі айлакер кейіпкердің жиынтық бейнесін музыкалық жанрда қойған талантты режиссер Еслям Нұртазин, композитор Ербол Нариманұлы мен Ақжол Өмірзақовтар болды. Халық ауыз әдебиетінің кейіпкері Алдар Көсе ең алғаш 1942 жылы пьеса түрінде қойылып, 1964 жылы фильм ретінде көрсетілген. Содан 80 жыл уақыт өткен соң ғана мюзикл жанрында ұсынылған екен. Бұған дейін жас бүлдіршіндеріміз шетелдік анимацияларды ғана тамашалап келсе, «Алдар көсенің» мюзикл тілінде сахналануы Тәуелсіз Қазақстан үшін емес, Орта Азия елдері үшін де жаңалық болғаны рас. Ондағы ауқымды декорация мен жарқ-жүрқ еткен арнайы костюмдер көрерменді өзіне тартпай қоймайды.

Спектакль туралы жазушы, журналист Серікбол Халан: «Қойылым өте тамаша болды. Әсіресе, балалар үшін қызықты әрі көңілді әсер қалдырды. Олардың езулері бір жиылмады. Мюзикл жанрында ертегі қазіргі заманмен байланысты ашылған. Оған қазіргі әндер, қазіргі ұғымдар, қоғамда болып жатқан өзгерістер қосылған. Актерлер де мюзиклдің сәтті шығуына бар күшін салған. Сахна декорациясы да ерекше жасалған», — дейді (Жұмабай 17).

Режиссер Еслям Нұртазинның пікіріне сүйенсек, мюзикл жас өспірімдер үшін халық батырының бейнесін сомдай білген. Мысалы, қойылымда «Алып бәйтерек», «Қасиетті Тайқазан», қазақша оюлар мен астарлы әуездер, ойлы әуендер мен «Қара жорға» биінің көрініс табуы балаларға рухани күш сыйлайды. Сонымен қатар, заманауи Алдар көсе бейнесі мен ержүрек

батырлардың жеңіске жетіп отыруы балалар үшін әсерлі болды.

Режиссер балаларға арналған ертегіні музыкалық драманың үнімен, яғни, мюзикл жанрымен жеткізуге тырысқан. Жас жеткіншектерге арналған қойылымның сценарийі де заманауи стильде жазылған. Себебі, бүлдіршіндерге ұлттық мұраның бейнесін қазіргі тілмен түсіндіру маңызды болды. Сондай-ақ, шетелдік Marvel компаниясының қаһармандарымен бәсекеге түсу қажет. Мюзиклдің сахналық декорациясы қазіргі ақпараттық құрылғылармен жасалып, ерекше көз тартатындай етіп ұсынылған. Бұл жағынан келгенде қойылымның ұтқан тұстары мол. Осы тұста режиссердің театр өнерінің озық тәжірибесін қолдана алғандығына көз жеткіземіз.

Сыншы Назерке Жұмабай спектакльдегі мюзикл жанрының табиғаты мен талаптарына сай келмей қалған тұстарына назар аударып келіп былай дейді: «Қойылымға әлі де жүйелі ізденістер енгізу қажет. Әсіресе, ертегіні мюзиклдендіру үдерісінде кәсіби шеберлік жетіспей жатады. Себебі жанр заңдылығына сай назар аударсақ, «Алдар көсені» мюзикл деп атағаннан гөрі музыкалық спектакль деп таныған жөн. Жанр ерекшелігін түсінген жанға бұл айырмашылық бірден байқалып тұрады» (15).

Әлемдік мюзикл жанрларының талаптарына сүйенсек, оның ең қымбат әрі жауапкершілігі мол жанр екендігін аңғаруға болады. Мюзикл қою үшін ондағы әуен де, көрініс те бір бірімен үйлесе байланысқаны дұрыс. Оған 2023 жылы «Роза Бағланова» мюзиклімен Оңтүстік Корея республикасының Тэгу қаласында өткен фестивальге қатысқан қазақстандық актерлер ұжымы айқын көз жеткізіп қайтты десек болады. Сондықтан шығармашылық топ жаңашылдық пен жанр талаптарын жетік меңгеріп, мінсіз туындылар жасайтынына сенім мол.

Оған көрермендерді лық толтыра білген, балаларды қуантқан «Алдар көсе» мюзиклі айқын дәлел бола алатыны шындық.

Нәтижелер

Мақалада Қазақстан кәсіби мюзикл театр мектебінің қалыптасуы әлемдік тәжірибе негізінде салыстырмалы түрде зерттеледі. «Мюзикл» жанры эстрадалық, хореографиялық, драмалық, опералық сияқты өнердің басты ерекшеліктерін бір арнаға тоғыстырып, көрермендерге ұсынатын музыкамен көркемделген сахналық қойылымның ерекше бір түрі болып саналады.

Зерттеу нәтижесінде Қазақстандағы алғашқы мюзикл жанрының бір көрінісіне «Қыз Жібек» қойылымы арқылы көз жеткізсек, әлемдік ақын-жазушылар Уильям Шекспир, Мигель де Сервантес, Чарльз Диккенс, Бернард Шоудың шығармаларының мюзиклге ертерек айналғанын байқадық.

Зерттеу мақалада өнер саласында сан ғасырлар бойы жалғасын тапқан театрдағы мюзикл жанрының адам бойындағы асыл қасиеттер мен рухани сабақтастықты өрбіте түскендігі айшықтала түседі. Қазіргі таңда еліміздегі театр өнеріндегі мюзиклдің алатын орны маңызды болып отыр. Сондықтан зерттеуде қазақстандық театрлардағы сахналық мюзикл жанрының бастаулары мен даму жолдары тереңірек қарастырылды. Ең бастысы қазақ театр өнерін әлемдік мюзиклдің деңгейіне теңесу үшін мазмұндық және жаңашылдық сипатта дамытуға бет бұру қажеттігін ескеру қажеттігі пайымдалды.

Осы ретте мақалада отандық және шетелдік режиссерлердің кәсіби шығармашылық қызметі салыстырмалы түрде талданып, ондағы музыкалық құбылыстарға негізделген театрлық элементтердің түрлері кең тұрғыда зерттелді.

Мюзикл драматургиясына тән ерекше мәнердің қолданыс табатынын ескерсек, ондағы көпдауысты хор, кордабалет, әншілер мен симфониялық оркестр арқылы осы жанрдың заманауи мүмкіндіктері ашыла түседі. Зерттеуде Абзал Мұхитдинов, Ержан Дәуітов, Тұрсынбек Нұрқалиев, Нұрқанат Жақыпбай, Владимир Романовский сияқты шығармашыл тұлғалардың кәсіби-танымдық ерекшеліктері айқындала түседі.

Зерттеу барысында сахналық классиканы дамытқан Америка Құрама Штаттарының танымал жазушылары Мигель де Сервантес, Виктор Гюго, Уильям Шекспир, Бернард Шоу, Роберт Льюис Стивенсон, Дюма, Брэм Стокер, Рудьярд Киплингтердің әлемдік деңгейдегі мюзиклді жасауға қосқан үлестері айқындалды. Сонымен қатар, Ресейлік мюзикл саласын дамытуға шығармашылық қолдау көрсеткен Исаак Дунаевский мен Григорий Александровтардың шығармаларын голливудтық сюжеттердің үлгісінде музыка мен джазға бейімдеп, американдық степті де жүзеге асырғандығын байқадық.

Мақалада мюзикл жанрының тарихи даму және қалыптасу жолдарын зерттеген Ольга-Лиза Монд, Эвальд Кампус, Валентина Конен, Тамара Кудинова, Татьяна Шабалина, Дарья Буданова, Еслям Нуртазин сияқты зерттеушілердің ғылыми-теориялық тұжырымдары қолданыс тауып отырды.

Зерттеуде теориялық-әдіснамалық, тарихи-этнографиялық, кино және өнертанушылық, салыстырмалы-талдамалық, сыни-режиссуралық, сондай-ақ, эмпирикалық әдістерді қолдануға тырыстық.

Ғылыми мақаланың нәтижелері Қазақстан кәсіби мюзикл театр мектебінің қалыптасу жолдары туралы зерттеу жүргізетін отандық және әлемдік деңгейдегі өнертанушы ғалымдар, жас

зерттеушілер мен кинотану саласының мамандарына арналады.

Негізгі тұжырымдар

— Еліміздегі театр өнеріндегі классикалық туындыларды мюзикл құрылымына батыл енгізе отырып, оларды трансформациялау және стилизациялау арқылы жаңаша сипат беруге талпыныс жасалды;

— Әлемдік театр мюзиклдың қазіргі қазақстандық театрларда тәжірибелік мақсатта үздіксіз қолданыс табатындығы дәлелденді;

— Театр мюзиклдің ұлттық сана мен дәстүрлі мәдениетпен байланысы жан-жақты қарастырылды;

— Мюзикл жанры Ольга-Лиза Монд, Эвальд Кампус, Валентина Конен, Тамара Кудинова, Татьяна Шабалина, Дарья Буданова, Еслям Нуртазин сияқты ғалымдардың ғылыми тұжырымдарымен салыстырыла отырып зерттелді.

Қорытынды

Соңғы деректерге сүйенсек, елімізде 50-ден аса театр жұмыс істейді. Сол театрлардың репертуарларындағы пьесаларды қоюда барлық шығармашылық ұжымның бөлек бағыты мен өзгеше үні бар. Көбіне жастарға арналған классикалық шығармаларды көркемдеп, жаңашыл бағытта ұсынуға тырысу айқын аңғарылады. Жастарды талғамына сай, көпсөзділіктен гөрі, оқиғаны әрекетке қарай құрып музыкамен жеткізуге басымдық беріледі. Бұл жөнінде режиссер Нұрқанат Жақыпбай: «Біз қазақ намысшыл халықпыз. Қазіргі компьютермен өсіп келе жатқан жастар «Менің елімде неге Мәскеудегідей немесе Еуропаның театрларындай сан қырлы театр жоқ? Бродвей театрларының спектакльдеріндей қойылымды неге мен өз елімнен тамашалай алмаймын?» деп намыстануы мүмкін ғой. Әрине,

біз қанша ұмтылғанымызбен Еуропа мен Мәскеуге жете алмаймыз. Әлемдік классиканың төріне де шыға алмаймыз», — дейді. Сондықтан біздің мақсатымыз — дүниежүзілік театр мәдениетінен әрі тәжірибесінен үлгі алып, қазаққа керек дүниені алып, көрерменнің жүрегінен жол табу болмақ» (Талғатқызы 17). Сонымен қатар, режиссердің айтуынша, қазір сахнада ақыл айтқанды ешкім тыңдағысы келмейді. Ақыл айтатын заман емес. Қазір театр сахнасындағы соңғы сөзді көрерменнің өзіне қалдырып, ойланып әрі шешім шығара білуге бағыттаған дұрыс.

Режиссердің басты кредосы — еңбек екендігін айқын аңғаруға болады. Маңдай тер мен жан қиналмаған жерде биік өнер тумайды. Театр — синтетикалық өнер екендігін ескерсек, оның жолы сантарапты құрайды. Спектакльдегі декорация қабырғаға салынған сурет емес немесе кез келген бұйым емес, оның барлығы актерлердің әрекетінен қимыл қозғалысымен жүзеге асады.

Ол — Париж төңірегіндегі даңқ шыңы, ол Моцарт пен Сальери арасындағы қақтығыс, ол кейіпкер жүрегінен орын алған іңкәрлік сезім мен махаббат немесе жек көру, тамсану, қызғану, табыну мен безіну, ұнату мен сағыну — осының бәрін сахнадан актерлер бір деммен шыққан жүрек лүпілімен жеткізуге тырысады. Актерлік орындау, костюм, би мен музыка, қимыл мен қисын т.б. барлығы жанды әрекетпен көрсетіледі. Сахнада ән айта жүріп, би биленеді. Би билеп жүріп, тіл қату керек. Осының бәрін актер бір деммен, ішкі ентігі мен шаршағанын білдірмей көрерменге жеткізе білу керек.

Әр көріністен өлі орындауды емес, тірі тіл қатуды көреміз. Өнер иелерінің

қимылы мен олардың жан жүрегінің лүпілі, ішкі жан сезімі көрермен залына тікелей әсер етіп тұрады. Көрермен де оны жүрегіне қабылдап, олармен сырласуға, мұңдасуға мүмкіндік алады. Мысалы, «Моцарт» шығармасында өлі тыныштықты мүлде сезінбейсіз. Сахнада қызу тіршілік пен қарбалас сәттер бір-бірімен қатарласа өріліп жатады. Әсерлі әуенге ұласқан пластикалық қимыл, колоритті би, драмалық шиеленіс ешбір жасандылықсыз әсер береді (Жұмабай 12).

Ең бастысы спектакльде Моцарт музыкасының табиғатынан тектілік пен ақсүйектіліктің лебі сезіліп, зиялылықтың белгісі айқын көрініс табады. Осы мюзикл жанры француз композиторлары Жан Пьер Пило мен Оливье Шультесдін әлемге танымал әуендері арқылы өмірге келген. Міне, оған жан бітірген қазақстандық режиссер Нұрқанат Жақыпбайдың қойылымында тіршілік философиясы ақ пен қара түстер арқылы беріледі. Осы екі түс арқылы режиссер көп ойды жеткізуге тырысады. Оның ұғымында ақ пен қара — қиындық пен қызыққа толы жалған дүние көрінісін сипаттайды.

Қойылымда ақ пен қара философиясы өмірдегі өнерге тән азаматтық проблемаларды, соның ішінде көреалмаушылық, адалдық, опасыздық, қатыгездік сияқты адам бойындағы қасиеттерді әшкерелейді. Мысалы, Моцарт пен Сальеридің өнер жолындағы бітіспес текетіресі шын таланттың сын мен шырғалаңға толы жолынан сыр шертеді. Бұдан өмір бар жерде күрестің, өнер бар жерде қызғаныштың бірге жүретінін түсінетін боламыз.

Авторлардың үлесі:

Орынбасарова А. – зерттеулер жүргізу; әдебиеттерді және дерек көздерді айқындау; мәтінді редакциялау; ғылыми нәтижелерді тұжырымдау.

Кульсеитова М. – сыни және теориялық талдаулар жасау; әдебиеттер және дерек көздерді тексеру; мәтінді ғылыми стильде редакциялау; мақала мәтінін редакцияға ұсыну.

Вклад авторов:

Орынбасарова А. – проведение исследований; определение литературы и источников; редактирование текста; формулирование научных результатов.

Кульсеитова М. – критический и теоретический анализ; проверка литературы и источников; редактирование текста в научном стиле; представление текста статьи в редакцию.

Contribution of authors:

Orynassarova A. – conducting research; identifying literature and sources; editing text; formulating scientific results.

Kulseitova M. – critical and theoretical analysis; verification of literature and sources; editing of the text in a scientific style; submission of the text of the article to the editorial office.

Деректер тізімі:

- Буданова, Дарья. «Последнее Испытание»: от фанатской постановки до известного мюзикла». URL: <https://www.mirf.ru/fun/music/poslednee-ispytanie-ot-fanatskoj-postanovki-do-izvestnogo-myuзикla/>. Дата доступа 12 июля 2024.
- Великие мюзиклы мира. Москва, Олма-пресс, 2002.
- Дәулетбақызы, Ғайни. «Мюзикл Жантақты Ібіліс етіп танытты». *Түркістан* (Алматы), 26 маусым, 2003. 7 б.
- Жұмабай, Назерке. «Қазақ сахнасындағы тұңғыш мюзикл». *Жас қазақ* (Алматы), 28 қазан, 2016. 12 б.
- Жұмабай, Назерке. «Мюзиклдегі Бағланова бейнесі». *Егемен Қазақстан* (Астана), 5 сәуір, 2022. 12 б.
- Жұмабай, Назерке. «Алдар көсе мюзиклді бағындырды». *Егемен Қазақстан* (Астана), 6 ақпан, 2024. 10 б.
- История мюзикла «Ромео и Джульетта». URL: <http://ndparis.narod.ru/rus/ridj/historymus.html>
- Кампус, Эвальд. *О мюзикле*. Ленинград, Музыка, 1983.
- Конен, Валентина. *Рождение джаза*. –М.: Советский композитор, 1990.
- Кудинова, Тамара. *От водевиля до мюзикла*. –М.: Советский композитор, 1982.
- Монд, Ольга-Лиза. «Музыкальный театр: жанры и вокальные стили». М.: МИИ Наука, *Social Science /Общественные науки: Всероссийский журнал*. №6, 2010, с. 92-101.
- Мараим, Нұрболат. «Мюзиклдегі мұң мен сыр». *Оңтүстік Қазақстан* [Шымкент], 23 мамыр, 2009. 14 б.
- Нуртазин, Еслям. *Проблемы актуализации искусства мюзикла в Казахстане*. 2013. Астана. «Казахская национальная академия искусств им. Т. Жургенова», диссертация ученой степени доктора философии (PhD).
- Нуртазин, Еслям. «Актеры мюзикла в Казахстане». *Вестник КазНУ, серия филологическое*. №4 (144), 2013, с. 157-161.
- Смайылова, Шолпан. «Студенттер мюзиклді қазақ тілінде сөйлетті». *Айқын* [Астана], 28 қазан, 2011. 7 б.
- Тұрсынәлі, Алаш. «Тіршіліктің сәулелі сәттері». *Ана тілі* [Алматы], 6 шілде 2010. 5 б.
- Тоқсанбай, Қарашаш. «Ғашықтар қаласы». *Егемен Қазақстан* [Астана], 1 қаңтар 2011. 15 б.
- Тұрсынбаев, Жоламан. «Отандық мюзиклдің орны бөлек». *Айқын* [Астана], 2 шілде, 2010. 10 б.

Талғатқызы, Венера. «Көрермен театрда рухани азық алуы керек». Арқа ажары [Көкшетау], 2 қараша, 2019. 6 б.

Шабалина, Татьяна. «Мюзикл». URL: https://www.krugosvet.ru/enc/kultura_i_obrazovanie/teatr_i_kino/MYUZIKL.html/. Дата доступа 11 июля 2024.

References

Budanova, Darya. «Poslednee Ispitanie»: ot fanatskoi postanovki do izvestnogo myuzikla». [«The Last Test»: from a fan production to a famous musical.] URL: <https://www.mirf.ru/fun/music/poslednee-ispytanie-ot-fanatskoj-postanovki-do-izvestnogo-myuzikla/> (In Russian). Accessed 12 July 2024.

Velikie myuzikli mira [The great musicals of the world]. Moscow. Olma_press, 2002. (In Russian)

Dauletbakkyzy, Gaini. «Muzikl Jantykty Ibilis etip tanytty». [«The musical turned soul into the Devil».] Turkistan [Almaty], 26 mausym, 2003. 7 b. (In Kazakh)

Jumabai, Nazerke. «Kazakh sahnasyndagy tungych müzikl». [«The first musical on the Kazakh stage».] Jas Kazakh [Almaty], 28 kazan, 2016. 12 b. (In Kazakh)

Jumabai, Nazerke. «Muzikldegi Baglanova beinesi». [«The image of Baglanova in the musical».] Egemen Kazakhstan [Astana], 5 sauir, 2022. 12 b. (In Kazakh)

Jumabai, Nazerke. «Aldar kose muzikldi bagyndyrdy». [«Aldar Kose conquered the musical».] //Egemen Kazakhstan [Astana], 6 akpan, 2024. 10 b. (In Kazakh)

Istoriya myuzikla «Romeo I Djuletta» [«The story of the musical «Romeo and Juliet»]. URL: <http://ndparis.narod.ru/rus/ridj/historymus.html>, (In Russian). Accessed 15 July 2024.

- Kampus, Evald. O myuzikle [About the musical]. Leningrad, Muzika, 1983. (In Russian)
- Konen, Valentina. Rojdenie djaza [The Birth of Jazz]. Moscow, Sovetskii kompozitor, 1990. (In Russian)
- Kudinova, Tamara. Ot vodevilya do myuzikla [From vaudeville to the musical]. Moscow, Sovetskii kompozitor, 1982. (In Russian)
- Mond, Olga-Liza. «Muzikalnii teatr_ janri i vokalnie stili». [«Musical theater: genres and vocal styles».] M.: MII Nauka, Obschestvennie nauki: Vserossiiskii jurnal [Social Sciences: All-Russian Journal], №6, 2010, pp. 92-101. (In Russian)
- Maraım, Nurbolat. «Muzikldegi mun men syr». [«Sadness and cheese in the musical».] Ontustik Kazakhstan [Shymkent], 23 мамыр, 2009. 7 б. (In Kazakh)
- Nurtazin, Eslyam. *Problemi aktualizacii iskusstva myuzikla v Kazahstane* [Problems of actualization of musical art in Kazakhstan]. 2013. Astana. «Kazahskaya nacionalnaya akademiya iskusstv im. T. Jurgenova», dissertaciya uchenoi stepeni doktora filosofii PhD (In Russian)
- Nurtazin, Eslyam. «Akeri myuzikla v Kazahstane». [«The actors of the musical in Kazakhstan».] Vestnik KazNU, seriya filologicheskoe [Bulletin of KazNU, philological series], №4 (144), 2013, s. 157-161. (In Russian)
- Smaıylova, Sholpan. «Studentter muzikldı kazakh tilinde soiletti». [«Students performed the musical in Kazakh».] Aikyn [Astana], 28 kasan, 2011. 7 б. (In Kazakh)
- Tursynali, Alaş. «Tirchiliktin sauleli satteri». [«Radiant moments of life».] Ana tili [Almaty], 6 childe, 2010. 5 б. (In Kazakh)
- Toksanbai, Karachach. «Gaşyqtar qalasy». [«City of lovers».] Egemen Kazakhstan [Astana], 1 kantar, 2011. 15 б. (In Kazakh)
- Tursynbaev, Jolaman. «Otandyk muzikldin orny bolek». [«A separate place is occupied by the domestic musical».] Aikyn [Astana], 2 childe, 2010. 10 б. (In Kazakh)
- Talgatkyzy, Venera. «Korermen teatrdan ruhani azyq alu kerek». [«The audience must receive spiritual food from the theater».] Arka ajary, 2 karacha, 2019. 6 б. (In Kazakh)
- Shabalina, Tatyana. «Myuzikl». [«The musical».] URL: https://www.krugosvet.ru/enc/kultura_i_obrazovanie/teatr_i_kino/MYUZIKL.html/ (In Russian). Accessed 11 July 2024.

Орынбасарова Акжан, Кульсеитова Мадина

Казахская национальная академия искусств имени Темирбека Жургенова
(Алматы, Казахстан)

СТАНОВЛЕНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ТЕАТРАЛЬНОГО ИСКУССТВА МЮЗИКЛА В КАЗАХСТАНЕ И МИРОВОЙ ОПЫТ

Аннотация. В статье исследуются направления становления жанра театрального мюзикла в Казахстане на основе мирового опыта. Мюзикл – это музыкально-сценическое представление, объединяющее элементы эстрадного, хореографического, драматического и оперного искусства, способное решать серьезные драматические задачи через легко воспринимаемые художественные средства. Первопроходцем жанра в Казахстане считается постановка Булата Атабаева «Кыз Жибек». В мире же уже сложилась традиция адаптации произведений классиков, таких как Шекспир и Сервантес, в формат мюзикла. Цель исследования – определить потенциал жанра мюзикла в культурном пространстве Казахстана, рассмотреть его как элемент национального культурного развития и изучить специфику актерского искусства в рамках этого жанра. Авторы подчеркивают важность изучения истоков и путей развития сценического мюзикла в казахстанских театрах, а также необходимость насыщения жанра содержательным и новаторским подходом для соответствия мировому уровню. В статье проведен сравнительный анализ профессиональной деятельности кинорежиссеров и рассмотрена сфера применения театральных элементов, основанных на музыкальных явлениях. Отмечен значительный вклад казахстанских деятелей искусства, таких как Абзал Мухитдинов и Ержан Даутов, в адаптацию жанра через многонациональный хор, кордебалет, сольных певцов и симфонический оркестр. Приводится мировой опыт создания мюзиклов по произведениям классической литературы в США и России, где, например, в 30-х годах прошлого века Исаак Дунаевский и Григорий Александров гармонично сочетали русский менталитет с голливудскими сюжетами и элементами джаза.

Основное внимание уделено научно-теоретическому анализу работ исследователей Ольги Лизы Монд, Эвальда Кампуса, Валентины Коненой, Тамары Кудиновой, Татьяны Шабалиной, Дарьи Будановой и Есляма Нуртазина, которые изучали историческое развитие и становление жанра мирового и национального мюзикла. Исследование опирается на теоретико-методологические, историко-этнографические, искусствоведческие, сравнительно-аналитические и эмпирические методы. Результаты работы будут полезны искусствоведам, молодым исследователям и специалистам в области киноведения, изучающим становление казахстанской профессиональной школы театра мюзиклов.

Ключевые слова: Театр, мюзикл, джаз, эстрада, хореография, драма, опера, многосторонний хор, кордебалет, симфонический оркестр.

Для цитирования: Орынбасарова, Акжан и Мадина Кульсеитова. «Становление профессионального театрального искусства мюзикла в Казахстане и мировой опыт». *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 10, №1, 2025, с. 186–204, DOI: 10.47940/cajas.v10i1.955

Авторы прочитали и одобрили окончательный вариант рукописи и заявляют об отсутствии конфликта интересов.

Orynbassarova Akzhan, Kulseitova Madina

Temirbek Zhurgenov Kazakh national academy of arts
(Almaty, Kazakhstan)

THE FORMATION OF PROFESSIONAL THEATRICAL ART OF MUSICALS IN KAZAKHSTAN AND THE WORLD EXPERIENCE

Annotation. This article examines the development of the musical theater genre in Kazakhstan, drawing upon global experiences. A musical is a musical-stage performance that combines striking features of pop, choreographic, dramatic, and operatic arts, capable of addressing serious dramatic challenges through easily digestible artistic means. Bulat Atabayev's production of "Kyz Zhibek" is considered a pioneer of the genre in Kazakhstan. Globally, there's a well-established tradition of adapting works by classics like Shakespeare and Cervantes into musicals. The study aims to determine the potential for actualizing the musical genre in Kazakhstan's cultural landscape, viewing it as an integral element of national cultural development, and to theoretically and practically explore the specific aspects of acting within this genre. The authors emphasize the importance of studying the origins and evolution of stage musicals in Kazakhstani theaters, as well as the need to enrich the genre with substantive and innovative approaches to meet world standards. The article conducts a comparative analysis of cinematographers' professional activities and explores the application of theatrical elements based on musical phenomena. It highlights the significant contributions of Kazakhstani art figures, such as Abzal Mukhitdinov and Erzhan Dautov, in adapting the genre through multinational choirs, corps de ballet, solo singers, and symphony orchestras. The article provides examples of global experience in creating musicals based on classical literature in the USA and Russia. For instance, in the 1930s, Isaac Dunaevsky and Grigory Aleksandrov harmoniously blended Russian mentality with Hollywood plots and jazz elements. The primary focus is on the scientific and theoretical analysis of works by researchers such as Olga Lisa Mond, Ewald Campus, Valentina Konen, Tamara Kudinova, Tatyana Shabalina, Daria Budanova, and Eslyam Nurtazin, who have explored the historical development and formation of global and national musical genres. The research employs theoretical-methodological, historical-ethnographic, cinematic, art criticism, comparative-analytical, directorial-expert, and empirical methods. The findings will be valuable for art historians, young researchers, and film studies specialists investigating the establishment of Kazakhstan's professional musical theater school.

Key words: Theatre, musical, jazz, pop, choreography, drama, opera, multi-faceted choir, corps de ballet, symphony orchestra.

Cite: Orynbassarova Akzhan, Kulseitova Madina. "The Formation of Professional Theatrical Art of Musicals in Kazakhstan and The World Experience." *Central Asian Journal of Art Studies*, Vol. 10, No. 1, 2025, pp. 186–204, DOI: 10.47940/cajas.v10i1.955

The authors have read and approved the final version of the manuscript and declare no conflicts of interests.

Авторлар туралы мәлімет:**Сведения об авторах:****Information about the authors:**

Орынбасарова Ақжан Қасенқызы — Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Театр өнері факультеті, Музыкалық театр кафедрасының оқытушысы (Алматы, Қазақстан)

Орынбасарова Акжан Касеновна — Казахская национальная академия искусств имени Темирбека Жургенова, факультет Театральное искусство, преподаватель кафедры Музыкальный театр (Алматы, Казахстан)

Orynbassarova Akzhan Kasenkyzy — Kazakh national academy of arts named after Temirbek Zhurgenov, faculty of Theatre Arts, Lecturer at the department of Musical Theatre, (Almaty, Kazakhstan)

ORCID ID: 0009-0009-1550-730X
E-mail: Akzhanorynbasarova@gmail.com

Кульсеитова Мадина Акбаралиевна — Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Театр өнері факультеті, Актер шеберлігі және режиссура кафедрасының аға оқытушысы (Алматы, Қазақстан)

Кульсеитова Мадина Акбаралиевна — Казахская национальная академия искусств имени Темирбека Жургенова, факультет Театральное искусство, старший преподаватель кафедры Актерское мастерство и режиссура (Алматы, Казахстан)

Kulseitova Madina Akbaraliyevna — Kazakh national academy of arts Temirbek Zhurgenov, faculty of Theatre Arts, Senior lecturer at the department of Acting Directing (Almaty, Kazakhstan)

ORCID ID: 0000-0001-9996-4536
E-mail: Madinaakbarali@gmail.com